

Білім беру ұйымдарын  
бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын  
іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған  
өлшемшарттар**

№ р/с	Бағыттар және бағалау өлшемшарттары	Баға	Өлшеуі штер
1	Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар		
1.1	МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар тәрбиешілердің болуы	zhaqsy-4	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту» мамандығы бойынша педагогтердің үлесі 68%
1.2	Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру	uzdik-5	<p>Пәндік - дамытушылық ортаны ұйымдастыру тәрбиеленушілердің жас және ұлдар мен қыздар үшін сәйкесінше ойын материалы қарастырылған, гендерлік ерекшеліктеріне сәйкес құрылған. Топтардың кеңістігінде балалар әртүрлі іс-шаралармен айналыса алатын қызығушылық аймақтары құрылды. Дамытушы заттық - кеңістіктік орта МЖМБС ескеріле отырып құрылған және әрбір баланың даралығын оның бейімділігін, мүдделерін, белсенділік деңгейін ескере отырып тиімді дамытуға мүмкіндік береді.</p> <p>Топтарда келесі орталықтар толықтырылды: «Отбасы», «Бейнелеу орталығы», «Ғылым», «Театр», «Кітап», «Құрылыс», т.б. Топтағы орталықтарда балалардың жас ерекшеліктеріне сай қажетті құрал-жабдықтары, материалдары бар.</p> <p>Мектепке дейінгі гимназия ҚР Білім және ғылым министрінің 22.01.2016 жылғы № 70 бұйрығына сәйкес қажетті жабдықтармен және жиһазбен толық жабдықталған.</p> <p>Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар</p>

			балалармен жұмысын талдау барысында балабақша жұмысын толық атқаратыны анықталды. Кітапханалық қоры бар. Ұйымдағы басылымдарға жазылу, әдебиеттік қор, әдістемелік қор тіркеу кітабына тіркеліп, жылдық қорытынды жасалады <b>Интернет жылдамдығы 30 Мб/с-тан астам</b>
1.3	Зияткерлік конкурстарға қатысу нәтижелері	uzdik-5	Халықаралық және республикалық деңгейдегі зияткерлік байқауларының жеңімпаздары: 4 тәрбиеленуші жеңімпаз, 16 тәрбиеленуші жүлдегер, 41 тәрбиеленуші I орын, 24 тәрбиеленуші II орын.
1.4	Көркемдік, шығармашылық конкурстар мен байқауларға қатысу нәтижелері	uzdik-5	Халықаралық және республикалық деңгейдегі шығармашылық және өнер байқауларының жеңімпаздары: 16 тәрбиеленуші Гран При, 207 тәрбиеленуші I орын, 39 тәрбиеленуші II орын, 9 тәрбиеленуші III орын.
2	Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар		
2.1	МЖМБС-да және үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған әрбір ұйымдастырылған оқу қызметі мен білім беру саласы бойынша жас топтары бойынша игерілуге жататын білім, білік, дағды және құзырет көлемін игеру	uzdik-5	93,5%-дан астам респонденттер тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қанағаттанған

Білім беру ұйымының басшысы  
**Кожабоева Лазат Мырзабаевна**  
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы))


